



ТЕКСЕРІЛДІ

Сынып жетекшілер әдістемелік
бірлестігінің жетекшісі
 Сарсенова Г.А

КЕЛІСІЛДІ

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары
 Аймурзина Г.А



БЕКІТЕМІН
Фарица Онғарсынова атындағы
№ 41 мектеп – гимназия директоры
Абдығалиева Г.Б
тамыз 2023 жыл

**Фарица Онғарсынова атындағы № 41 мектеп – гимназиясының
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
3 «Б» сыныбының 2023 – 2024 оқу жылына арналған
тәрбие жоспары**

Ақтобе, 2023ж

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - айтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командалық жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталуына	Жауапты мамандар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Тіл-татулық тірегі» Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;	Сынып сағатының жоспары «Тіл-әр ұлттың ең асыл қазынасы» Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	04.09.2023ж
2	Отбасы-бақыт мекенім Дұрыс қарым-қатынас орната білу;	Сынып сағатының жоспары Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	11.09.2023ж
3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» Әдеп нормаларын ұстану;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е Мектеп инспекторы Қожабеков Б.Ж	18.09.2023ж
4	«Адал азамат – әділетті Қазақстан» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Адал еңбекті құрметтеу;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	25.09.2023ж

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1	«Қарттарын қадірлеген ел ардақты.....» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) Білуге, жаңаны тануға құштар болу;	Сынып сағатының жоспары Зейнеткер ұстаздармен кездесу Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	02.10.2023ж
2	«Бес нәрсеге асықбол...» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) Адал еңбекті құрметтеу;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	9.10.2023ж
3	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспе» Салауатты өмір салтын ұстану;	Сынып сағатының жоспары Мектеп медбикесімен сұхбат	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е Шынбаева Р	16.10.2023ж
4	Менің Отаным-Қазақстан Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;	Сынып сағатының жоспары Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	23.10.2023ж

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Әкеге-ізет, анаға –құрмет» Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отан- ның бір мүшесі екенін сезіну;	Сынып сағатының жоспары Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	6.11.2023ж
2	«Теңге-ұлттық валюта» Ұлттық мәдениетті дәріптеу;	Сынып сағатының жоспары Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	13.11.2023ж
3	«Оян, ар мен адалдық» Ұлттық мәдениетті дәріптеу;	Сынып сағатының жоспары Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	20.11.2023ж
4	«Әлемді бағындырған жерлесіміз» «Ұлттық мектеп-лигасы» Салауатты өмір салтын ұстану;	Сынып сағатының жоспары Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е Дене шынықтыру пәні мұғалімі Абдилдаев Қ	27.11.2023ж

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Ұрпақ болашағы – ұстаздан», «Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас» Әдеп нормаларын ұстану;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	04.12.2023
2	Тәуелсіз ел-Қазақстан Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;	Сыныптан тыс іс-шара Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева	11.12.2023
3	«Кітап-саркылмас бұлақ» Білуге, жаңаны тануға құштар болу;	Сынып сағатының жоспары Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е Мектеп кітапханашысы Уразалина Г.Д	25.12.2023

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	Ізгілік-адамгершіліктің белгісі Әдеп нормаларын ұстану;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	08.01.2024
2	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Ұлттық мәдениетті дәріптеу	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	15.01.2024
3	«Ертегілер әлемінде» Дұрыс қарым-қатынас орната білу	Сынып сағатының жоспары Инстграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	22.01.2024
4	Досы көпті жау алмайды Дұрыс қарым-қатынас орната білу;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	29.01.2024

«АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ» АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» («Балалар кітапханасы» жобасы) Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	05.02.2024
2	«Сен және Заң» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Білуге, жаңаны тануға құштар болу;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	12.02.2024
3	Сабырлылық – асылқасиет («Ата-аналар мектебі» жобасы) Әдеп нормаларын ұстану;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	19.02.2024
4	1 наурыз алғыс айту күні Дұрыс қарым-қатынас орната білу;	Сынып сағатының жоспары Инсгарам парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	26.02.2024

«НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ» АЙЫ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отан-ның бір мүшесі екенін сезіну	Сынып сағатының жоспары Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	04.03.2024
2	Мағжан Жұмабаев оқулары Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	11.03.2024
3	Ұлыстың ұлы күні Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;	Сынып сағатының жоспары Инстаграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	18.03.2024

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы) Салауатты өмір салтын ұстану;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	01.04.2024
2	Мен ғарышкер боламын Адал еңбекті құрметтеу;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	08.04.2024
3	«Сөз қадірі – өз қадірің» («Жеткінішектің жәсімі жарғысы»)» Дұрыс қарым-қатынас орната білу;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	15.04.2024
4	«Тиімді әрі пайдалытамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы) Салауатты өмір салтын ұстану;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	22.04.2024
5	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)» Дұрыс қарым-қатынас орната білу;	Сынып сағатының жоспары Инстграм парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	29.04.2024

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси күзгін-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
КҮНДІЛІКТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Жеңіс деген шат күлкісі бағанның» («Жеткіншектің Жемі жарғысы» жосбасы) Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;	Сынып сағатының жоспары Инстртам парақшасы	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	06.05.2024
2	«Менің гүлзарым» («Еңбегі адал жас өрен» жосбасы) Салауатты өмір салтын ұстану;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	13.05.2024
3	Сыныпта, сонғы қондырау Әдеп нормаларын ұстану;	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Байғазиева Ф.Е	20.05.2024